

ӘОЖ 94(574)

**АҚТӨБЕ ФЕРРОҚОРЫТПА ЗАУЫТЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ МЕН ЕҢБЕКПЕН
ТҮЗЕУ ЛАГЕРІНІҢ АРАҚАТЫНАСЫ**

Есенжолова Алина Берікқызы

alinayessenzholova@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Тарих факультетінің 2-курс магистранты,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – т.ғ.д., профессор А.С.Мусағалиева

Ақтөбе облысындағы хромит кендерінің мол қорын ескере отырып, Дон хромит кеніштері базасында зауыт салу туралы шешім, Үкіметтің қаулысына және қара металлургия халық комиссариатының 1939 жылғы нұсқауына сәйкес қабылданды. Сол күзде Ақтөбеге кәсіпорын салу алаңын таңдау үшін Үкіметтік комиссия келді. Жаңа ферроқорытпа зауыты үшін алаңды таңдау жөніндегі Комиссия Домбаровка, Кемпірсай, Ақтөбе және Берчогур

аудандарын тексерді. Зерттеу көрсеткендей, тек екі ауданда- Орск және Ақтөбеде жаңа зауыт салу үшін қажетті жағдайлар бар болды. Комиссия мүшелері де Орынбор облысындағы Орск-ны немесе Ақтөбеде шикізат базасына жақын жерде ұсынды. Ақтөбе облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Инночкин Үкіметтік комиссия алдында Ақтөбеде зауыт салудың орындылығын дәлелдей алды. Басты дәлел Орскіге қарағанда Ақтөбедегі сумен жабдықтаудың қанағаттанарлық жағдайы болды. Сонымен қатар, Ақтөбе ауданында, Құршасай, Мәртөк шығыстарында қоңыр көмір қоры табылды. Қара металлургияның осындай ірі өнеркәсіптік объектісінің құрылысы, әрине, аймақтың экономикалық дамуына, жергілікті жұмысшы кадрлардың өсуіне күшті серпін береді. бұл жағдай партияның XVIII съезінің (1939) «ұлттық республикалар мен облыстардың одан әрі экономикалық және мәдени өрлеуін қамтамасыз ету» туралы нұсқауларын іске асыру тұрғысынан ескерілді. Бірінші нұсқа неғұрлым тиімді болғанына қарамастан, дайын техникалық база болғандықтан, үкіметтік комиссия: Ақтөбеде зауыт салу үшін барлық жағдайлар бар екенін мойындады [1, 135].

1939 жылдың 17 қарашасында КСРО қара металлургия халық комиссариатының техникалық кеңесі Ақтөбе ферроқорытпа зауыты мен ЖЭО құрылысына жобалық тапсырманы бекітті. 1940 жылдың басында Ақтөбе ферроқорытпа зауытының құрылысы басталды. Ішкі істер халық комиссариаты осы мақсатта құрылыс-монтаж ұйымын – НКВД Ақтөбе комбинатын құрды. Оны Михаил Кузнецов басқарды. Оның бастауына Дон кеніштері де берілді, осы уақытқа дейін кенді Одақтың металлургиялық зауыттарына, одан әрі жіберу үшін облыс орталығына жеткізіп берді. Кеніштің негізгі жұмыс күшін еңбекпен түзету лагерінің (ИТЛ) тұтқындары құрады.

НКВД Ақтөбе комбинатының құрылысы үш электр балқыту цехы, шихта-қосалқы шаруашылығы бар ферроқорытпа зауытынан; қуаты 60 мың кВт зауыттың ЖЭО-сынан; жұмысшы кентінен; Ақтөбе хромит кеніштерінен тұрды.

1940 жылдың бесінші мамырында құрылыс бастығы инженер Василий Федоровқа аумақты уақытша құрылыс ғимараттарына бөлуге және қоймалар мен шеберханалар салуға дереу кірісу тапсырылды. Ақтөбеден тоғыз шақырым жерде орналасқан Жінішке өзенінің жағасында геодезиялық түсірілім мен құрылыс алаңын бөлшектеуге кірісті. 21 шақырымда карьер, онда әк тас өндіріліп, тас пен плиталар жиналды. Ал, екі шақырым жерде шағын кірпіш зауыты орналасқан [1,137].

Зауыттың, ЖЭО мен тұрғын үй кешенінің бірінші кезегі 1942 жылдың бірінші шілдесіне дейін пайдалануға берілуі тиіс еді. Алғашқы екі ағаш жақтау үйі бірінші болып көтерілді, олар құрылыс кеңсесінің уақытша бөлмелері. Осы уақытқа дейін «Гипростальдан» негізгі және қосалқы цехтардың уақытша құрылыстары мен ғимараттарын салуға арналған жұмыс сызбалары келе бастады. Аралау диірменін, бетон зауытын, қоймаларды салумен қатар зауыт корпустарының құрылысы басталды. Сонымен қатар темір жолдың оңтүстік-батыс жағынан зауыттан оңтүстікке қарай 1,2 – 1,5 километрде металлургтер үшін жұмыс поселкесінің құрылысы жүргізілді. 1941 жылдың қаңтарында Александра Кулакова бастаған бір топ геодезистер бірінші және екінші балқыту цехтарына учаскелерді бөлуге кірісті [1, 138].

1943 жылғы 5 ақпандағы құжатта: «Құпия. Өте шұғыл», облыстық комитеттің хатшысы Инночкинге, Оперчекист бөлімінің бастығы Мемлекеттік қауіпсіздік капитаны Карасев(НКВД Ақтөбе комбинатының құрылымына кірді) қолы қойылған бар, хабарлама жолданды. Баяндама бланкісінің жоғарғы жағында: «НКВД Ақтөбе комбинатының ИТЛ және құрылыс басқармасы. Жедел-тексеру бөлімі» деп жазылған. НКВД Ақтөбе комбинаты құжаттарда әртүрлі вариацияларда аталады.

1940 жылы құрылған сәттен бастап Ақтөбе НКВД комбинатының лагерь және құрылыс басқармасы атауына ие болды, ал 1942 жылы атауына ИТЛ (еңбекпен түзеу лагері) ұғымы енгізілді және комбинаттың атауы да біршама өзгерді [2].

Ақтөбелік ИТЛ одақтық бағынышты болғандықтан (КСРО ГУЛАГына) онда 3 жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған адамдар болған. Ақтөбе

облысындағы еңбекпен түзеу лагерінің бірнеше бөлімшелерден тұрған. Олардың ішінде 1943 және 1944 жылғы құжаттарды лагерь бөлімшелері көрсетілген.

1943 жылдың 1 қаңтарындағы архив құжаттарына сүйенсек, лагерьде 15567 адам және 1500 неміс болды [3]:

- Бірінші бөлімде-9787
- Екінші лагерь бөлімінде (Дон) - 2752
- 3-ші (кірпіш зауыты) – 202
- 4-ші (Кимперсай) - 1074
- 5-ші (эк зауыты) - 375
- 6-шы (Орман) - 508
- 7-ші (балық) - 337
- 8-ші (Бергочур) - 517 адам болған. Ал, 1944 жылғы Ақтөбе облысындағы еңбек

лагерінің басшылары берген түсініктемеде, еңбек лагерінің дислокациясын берілген. Онда Ақтөбедегі құрылыс еңбек лагеріндегі бөлімдер мен бөлімшелер туралы ақпарат тоқталсақ [4]:

1. «Лаготделение» - Ақтөбедегі ферроқорытпа зауытының құрылыс аймағында орналасқан. Сонымен қатар, жұмысшылар қатарын да ұсынған. Ақтөбеден 9 шақырым жердегі Дженешке станциясында орналасқан. 1945 жылы 1 қаңтардағы қорытынды бойынша 6303 адам болған, оның ішінде 1093 әйел адамдар жазықсыз құрбан атанды.

2. «Лаготделение» - Хромтау кентіндегі комбинат бөлімшесінен 110 шақырым жерде орналасқан. 1945 жылғы есеп бойынша құрамында 1848 адам, оның ішінде 4 әйел болған. Жұмысшылардың негізгі қызметі – эксплуатациялау және құрылыс жұмыстарымен айналысу.

3. «Кірпіш зауыты» - Ақтөбеден 3 шақырым, комбинат бөлімшесінен 12 шақырым жерде орналасқан. 1945 жылғы 1 қаңтардағы есеп бойынша, құрамында 264 адам, оның ішінде 42 әйел адам қызмет еткен.

4. «Лаготделение» - Ақтөбеден 110 шақырым жердегі далалық аймақта орналасқан. Есеп бойынша 306 адам құрамында болған. Кеншілер жұмысына тікелей араласқан.

5. Чкалов облысында, яғни Комбинат бөлімшесінен 642 шақырым жерде орналасқан. 1945 жылғы 1 қаңтардағы есеп бойынша құрамында 186 адам еңбек еткен.

6. Комбинат бөлімшесінен 713 шақырым жерде орналасқан. Ақтөбедегі балық шаруашылығына тікелей қатысты болған. 1944 жылдың шілде айында реформацияланған.

Осы сияқты, қатарды жалғайтын тағы бірнеше еңбек бөлімшелері болған.

Құрылыс материалдарының жетіспеушілігі мен ауа-райының қолайсыздығына байланысты өнеркәсіптік кәсіпорынның құрылысы ұзаққа созылды. Сонымен қатар, құрылыста білікті кадрлар жетіспеді. Негізгі жұмыс күші арнайы біліктілігі жоқ және ауыр тұрмыстық жағдайларда ұсталатын ИТЛ тұтқындары болды. Олар аязға, физикалық күш салуға немесе әкімшіліктің қорқытуына төтеп бере алмады. Жұмысшылардың шамалы бөлігі ғана жалдамалы және еңбекке жұмылдырылған жұмысшылар болды.

Бұл зауыт КСРО-да салынған көптеген басқа өнеркәсіптік нысандар сияқты 1930-50 жылдары климаты қолайсыз аудандарда Сталиндік ГУЛАГ тұтқындарының қолымен салынған.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. История Актюбинской области. – Актөбе, 2006, 698 с.
2. ГА Актюбинской обл. Ф.13 Оп.12. Д.32
3. ГА Актюбинской обл. Ф.13 Оп.12. Д.18
4. ГА Актюбинской обл. Ф.1550 Оп.4. Д.31. 1-2 Л.